ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС №2 ХАТТАМАСЫ

«Қанаш Қамзин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Ақсу қаласы
(Қала, ауыл)

20 сәуір 2026
(ай, күні)

Өткізілген уақыты: сағат 17.00
Өткізілген орыны: 19 кабинет
Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: А.С.Калымова
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: 17 адам
Қатыспағандар 9 адам
Шақырылғандар: ДОЖО Билялова Ж.С.,ДТЖО Каиржанова С әлеуметтік педагог Ибраева Б.А.

Күн тәртібі

1. 9 және 11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау емтихандарына дайындық барысын қарастыру.
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға көмек көрсету

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Билялова Ж.С. 9 және 11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары туралы ақпарат берді. Оқушылардың емтихан пәндері бойынша дайындық деңгейін бақылау, қосымша сабақтар ұйымдастыру, консультациялар өткізу және ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігіне тоқталды. Сонымен қатар емтихан кезеңінде оқушылардың психологиялық жағдайына назар аудару, ата-аналарға қорытынды аттестаттаудың өткізілу тәртібін түсіндіру және емтихан кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Шешім қабылданды:

1. 9 және 11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары бақылауға алынсын.
2. Пән мұғалімдері тарапынан қосымша сабақтар мен жеке консультациялар ұйымдастырылсын.
3. Оқушылар мен ата-аналарға қорытынды аттестаттаудың өткізілу тәртібі, емтихан кестесі және талаптары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Каиржанова С.Е. оқушылардың жазғы демалысын тиімді әрі қауіпсіз ұйымдастыру мәселесі бойынша баяндама жасады.

Жазғы демалыс кезеңінде оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, олардың денсаулығын нығайту, шығармашылық және спорттық қабілеттерін дамыту, сондай-ақ құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында жұмыстар жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

Әлеуметтік педагог Ибраева Б.А. жазғы демалыс кезінде әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылардан шыққан оқушыларға ерекше көңіл бөлу қажеттігін айтты. Атап көпбалалы және аз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға қолдау көрсету мәселесін ұсынды. Жазғы демалыста 5 оқушыны жаппай білім беру қоры есебінен «Балақай» сауықтыру лагеріне жіберуді ұсынды. Әлеуметтік қорғалмаған 1-10 сынып 27 оқушылары мектеп жанындағы «Балауса» лагерінде келеді жаппай білім беру қоры есебінен.

Шешім қабылданды:

1. Әлеуметтік педагог Ибраева Б.А. әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылардың тізімін нақтылап, олардың жазғы демалысын ұйымдастыру қажеттіліктерін зерделесін.
2. Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға ерекше назар аударылсын.
3. Оқушыларды жазғы сауықтыру лагерьлеріне, спорттық, мәдени-танымдық және шығармашылық іс-шараларға тарту мүмкіндіктері қарастырылсын.
4. Жазғы демалыс кезеңінде оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, қараусыз қалудың және жазатайым оқиғалардың алдын алу шараларына ұйымдастырылсын.

Қамқорлық кеңес төрағасы : Калымова А.С. /_____/
(аты жөні) *қолы*

Баиз Сабина Кусайыновна _____
Омарова Гульмира Сериковна _____
Карипбаева Айслу Бериковна _____
Жакупова Асия Оразбековна _____
Марденова Айгерим Толешовна _____
Сембаева Асем Айтмуҳамедовна _____
Касымова Асель Уахитовна _____

Секретарь: _____ Ибраева Б.А.